

*Мен Балалар көркемсурет мектебінде 1979-1981жылдары оқыдым. Осы жылы Балалар көркемсурет мектебі өзінің 40 жылдық мерейтойын атады. Бұл орайда, БКМ-нің мұғалімдері мен оқушыларына шығармашылық табыс тілеймін!*

*Жақында Мектептің ресми сайтына көз салып, «Мектептің қалыптасу тарихы» бөлімінде алғашқы директор және қаламыздағы Балалар көркемсурет мектебін ұйымдастырушы - Михаил Иванович Токаренконың фотосуретін байқадым. Михаил Иванович Токаренко өз ісіне берілген, ынтагер адам болатын. Ол нағыз орыс зиялысы ретінде оқушыларының жан-жақты дамуы үшін ықпал етіп, жоғары ақылақтық қағидаларды әдеттендірген. Суретте Михаил Ивановичтың қасында мен, №16 ОМ-тің 6 сынып оқушысы Талгат Нугуманов тұрмын. Сол мезгілде кескіндеме сабағы өтіп, мектебімізге облыстық газеттің фотокорреспонденті келді. Ол бірнеше сурет жасап, Михаил Ивановичпен, сондай-ақ басқа мұғалімдермен әңгімелесті.*

*Балалар көркемсурет мектебіндегі оқуымды, ұстаздарымды әрдайым ризашылықпен есіме аламын. Альберт Васильевич сурет пәнінен сабақ беретін. Вера Филипповна бейнелеу өнерінің тарихын оқытатын. Мен суретші немесе мүсінші болып қалыптаспадым, бірақ Балалар көркемсурет мектебінде алған білім мен дағды өзінің ізін қалдырып, оқуым мен өміріме көмегін тигізді. Алған білімнің арқасында жұмыстағы шешімдерді әдемі амалдармен орындаймын.*

*Қазіргі таңда Отанымыздан алыс жерде жұмыс істеймін. Англиядағы Кембриджи қаласында өмір сүріп, өзімнің пікірімді туған қаламның ақпараттық өрісінде көру жанымға жайлылық туғызар.*

*Құрметпен,*

*Талгат Нугуманов*